

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІКТЕРІН,
ДАҒДЫЛАРЫН БАҚЫЛАУҒА
АРНАЛҒАН КӘСІБИ
ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**

Орындаған: Сисембаева А.Ж

ЖОСПАРЫ:

- ? 1. Педагогикалық зерттеу әдістемесі мен әдістер жүйесі.**
- ? 2. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері туралы түсінік.**
- ? 3. Зерттеу әдістеріне анықтама беру.**
- ? 4. Оқушылардың білімін, ептілігі мен дағдысын бақылаудың ерекшеліктері.**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ӘДІСТЕР ЖҮЙЕСІ.

Зерттеу әдістемесінің (методика) дайындығы ғылыми ізденіс логикасына орай жүргізіледі. Бұл әдістеме өте күрделі де сан қилы қызметтермен байланысты нысан болған білімдену процесін аса жоғары шынайылықпен зерттеуге мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық әдістер (метод) тобынан құралады. Әдістердің тұтастай бір бөлігін қолданудан назарға алынған проблема жан-жақты айқындалады, оның барша қырлары мен шектері түгелдей зерттеуден өтеді. Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамадан өзгешелігі - бұл педагогикалық құбылыстарды зерттеу, олар жөніндегі ғылыми ақпараттарды жинақтап, заңдылықты байланыстар, қатынастарды анықтау, оның нәтижесінде ғылыми теория қалыптастыру мақсатымен жүргізілетін іс-әрекет жолдары мен тәсілдерінің өзі.

Әдістер көп түрлі де сан қилы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыралады:

- ? 1) педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері;
- ? 2) теориялық зерттеу әдістері
- ? 3) математикалық әдістер

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРБИЕНІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері – білім беру процесін ұйымдастырудың көз алдымызда қалыптасқан тәжірибесін зерттеудің жолдары. Зерттеуге озат тәжірибе, яғни танымал мұғалімдер мен қатардағы тәлімгерлер қызметтері бірдей алынады. Олардың жұмыстарында кезігетін қиындықтар педагогикалық процесс қайшылықтарымен, пайда болған не енді туындауы мүмкін проблемалармен байланысты келеді.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында келесідей әдістер қолданылады:

- ? бақылау
- ? әңгімелесу
- ? интервью
- ? анкеттеу
- ? оқушылардың жазба, графикалық және шығарма жұмыстарын көзден өткеру,
- ? педагогикалық құжаттармен танысу.

БАҚЫЛАУ ӘДІСІ

Бақылау – зерттеу барысында нақты дерек материал жинақтау мақсатымен қандай да педагогикалық құбылыстың назарға алынуы. Бақыланған құбылыстар міндетті түрде хатталады. Бақылау нақты нысанмен жете танысуға орай алдын ала белгіленген жоспар бойынша жүргізіледі.

- ? Бақылау жұмысы келесі кезеңдерге бөлінеді:**
- ? міндеттері мен мақсаттарын айқындау;**
- ? 2) бақыланатын объект, оның элементтерін және ситуацияларын таңдастыру;**
- ? 3) бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы әрі тиімді тәсілдерді іріктеу;**
- ? 4) байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру;**
- ? 5) жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.**

Бақылау түрлері: араласа бақылау – ізденуші зерттеу жүргізіп жатқан топтың мүшесі ретінде қатысады; сырттай бақылау- зерттеуші ізденіс жұмыстарына тікелей араласпайды; ашық және жасырын бақылау; тұтастай және таңдамалы бақылау.

Бақылау – орындалуы тұрғысынан ең оңай әдіс, бірақ өзіндік кемшілігі де жоқ емес: көп жағдайларда бақылау барысындағы не соңғы нәтижеге зерттеушінің тұлғалық-әлеуметтік жеке –дара бітістері (көзқарасы, мүддесі, жан толғанысы) ықпал жасап, оның қандай да шынайылықтан ауытқуына себепші болуы мүмкін.

СҰХБАТ ӘДІСІ

Сұхбат әдісі - әлеуметтік психологияны зерттеу әдістерінің бірі. Мұнда зерттеуші (сұхбаттасушы) сыналушымен (респондент) әңгімелеседі, жол-жөнекей оның сөз саптауына, түрлі реакцияларына, ілтипатына зер салып отырады. Әңгіме белгілі сұрақтың айналасында, зерттеуші көздеген мақсатқа орай, арнаулы жоспар бойынша жүргізіледі. Зерттеуші сыналушының ниетін қас-қабағынан біле алатындай әдісқой тәсілшіл, білгір кісі болуы қажет. Осы әдіс арқылы жиналған материалдың объективтілігіне ерекше мән бермейінше болмайды, өйткені зерттеушінің әңгімесіне ықыластанған адам кейде жаңсақ, екі ұшты мәліметтер беріп қоюы да ықтимал. Зерттеудің нақтылы талап-тілегіне орай сұхбат бірнеше түрге бөлінеді. Ол жеке адамдармен (жеке сұхбат), сондай-ақ арнайы ұйымастырылған топтармен де (отбасы әулеті, дос-жарандар тобы т.б) жүргізіледі. Сұхбаттың стандарттық (алдын ала жасалған нақты бағдарлама бойынша), үлкен тақырыптық төңірегінде құрылған түрлері де бар.

Сұхбаттасудың екінші бір түрі педагогикаға әлеуметтану саласынан енген – интервью алу. Бұл әдісте сұрақтар алдын ала түзіліп, бірізділікпен қойылып барады. Интервью жауаптары анық жазылып, хатталады.

АНКЕТТЕУ ӘДІСІ

Анкеттеу – ауқымды материал жинақтау үшін қолданылады. Сұрақ жауаптары жазба күйінде қабылданады. Сұхбаттасу мен интервью алу бетпе-бет әңгімелесумен жүргізіледі, ал анкеттеу – сырттай орындалады. Аталған әдістердің нәтижелі болуы қойылатын сұрақтардың мазмұны мен құрылымына тәуелді.

Сауалнама түзуде ескерілетін жәйттер:

- 1) алынатын ақпараттың сипатын анықтап алған жөн;
- 2) қойылатын сұрақтың бірнеше баламалы өрнегі болғаны қажет;
- 3) сауалнаманың бірнеше жоспары түзіліп, ол алғашқы тексеруден өткізілуі тиіс;
- 4) сауалнама кемшіліктері түзетіліп, пайдалануға ақырға редакциясының ұсынылуы дұрыс.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБА, ГРАФИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМА ЖҰМЫСТАРЫН КӨЗДЕН ӨТКЕРУ

Құнды материал оқушылардың шығармашылық туындыларын зерттеу әдісімен де алынады. Олар: шәкірттер орындаған жазба, графикалық, шығармашылық және бақылау жұмыстары; балалардың суреттері, сызылмалары, жасалған қосалқы бөлшектер, кейбір пән дәптерлері. Мұндай жұмыстар оқушылардың даралық қабілеттерінен дерек береді, олардың қандай да бір саладағы ептілік және дағды жетістіктерінің деңгейін көрсетеді.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН ТАНЫСУ

Мектеп құжаттарымен танысу әдісін қолдана отырып, оқушының жеке ісі (личное дело), дәрігерлік карта, күнделік, жиналыс не отырыс хаттамалары және сол секілді мектеп хат-қағаздарымен танысу арқылы зерттеуші оқу-тәрбие , білім игеру процесін ұйымдастыру практикасында нақты қалыптасқан объектив жағдайлар жөніндегі ақпараттармен қаруланады.

Педагогика ғылымында жас зерттеушілердің араласуын күтіп жатқан, әлі анықталмай елеусіз болған құбылыстар байланысы мен тәуелділіктері ұланғайыр, тың халінде. Педагогиканың жемісті дами түсуінің басты шарты – ғалымдар мен педагог-практиктердің бірлікті іс-әрекеті. Егер осы теориялық және тәжірибелік ізденістер аталған педагогикалық әдістер жүйесін жете білумен жүргізілетін болса ғана, педагогтың өз тәжірибесі де, басқалардың да педагогикалық ұсыныстары мақсатты бағытта зерттеліп, талданады, соның нәтижесінде оқу-тәрбие ұйымдастыру жолындағы табыстары мен жаңалықтары ғылыми тұғырға орнығуы сөзсіз.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ.